

Абай облысының әкімдігі

Абай облысы әкімдігінің 2024
жылғы 4 маусымдағы № 105
қаулысы. Абай облысының Әділет
департаментінде 2024 жылғы 5
тамызда № 307-18 болып тіркелді

Акимат области Абай

**Абай облысының әкімдігінің 2023 жылғы 22 мамырдағы № 97
«Абай облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына
бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы»
қаулысының күшін жою туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Абай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 22 мамырдағы № 97 «Абай облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 79-18 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. «Абай облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Абай облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Абай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай облысы әкімі

Н. Уранхаев